

**Review of scientific tutor**  
**PhD student Kuanysh Kassymov**  
**Semey Medical University, NCJSC**  
**Republic of Kazakhstan**

The dissertation is devoted to improving the treatment of injuries to the pelvic ring using a new device that allows fixation of the sacroiliac joint in case of sacral dysmorphism, in which the insertion of an iliosacral screw (by the traditional method) is difficult. This technique for longitudinal transforaminal fractures of the sacrum with compression of the nerve roots and neurological symptoms allows for minimally invasive decompression.

The literature review of the dissertation is quite well presented using basic literature on traumatology and scientific articles from international databases. The author presented a well-described research protocol. The research methodology meets the requirements of international standards.

The dissertation was carried out as part of a grant-financing project of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan: IRN AP05135531 “Development of tools for rehabilitation of orthosurgical patients with pelvic injuries in road accidents in the Republic of Kazakhstan.” The present study protocol was reviewed and approved by the Ethics Committee of Semey State Medical University

Kuanysh Kassymov participated in scientific conferences in the Republic of Kazakhstan and international conferences. Published articles and abstracts on the topic of pelvic bone injuries and new methods of their treatment.

Of them, 2 - in the materials of international and republican scientific-practical conferences. One article - in the journal "Georgian Medical News", which has a percentile of 26 in the Scopus database.

He examined various problems in the recovery of patients after serious injuries, identifying barriers to the successful implementation of treatment. The

clinical part of the work was carried out in several clinics in various cities of the Republic of Kazakhstan.

Implementation of the study results:

-Eurasian patent for invention No. 037735. Device for minimally invasive locking osteosynthesis of injuries of the sacroiliac articulation / Appl. 2019.07.29. Publ. 2021.02.26. Bulletin No. 2.

-Patent RK № 34591. Device for minimally invasive locking osteosynthesis of injuries of sacroiliac joint / Published 13.11.2020. Bulletin No. 45.

-Methodological recommendation "Minor invasive blocking osteosynthesis of sacroiliac joint injuries", Semey, 2020. ISBN 978-601-7990-23-7.

- Monograph "Diagnosis and complex treatment of pelvic and peritoneal bone injuries", Semey, 2020. ISBN 978-601-7278-06-9.

Kuanysh Kassymov applied analytical and statistical analysis in research for a deeper study of problems.

The presented research work solved the following important problems:

1. To develop a new device for minimally invasive osteosynthesis of sacroiliac joint injuries.

2. To study the biomechanical features of the presented device for osteosynthesis of sacroiliac joint injuries.

3. To develop a method of surgical treatment of injuries of the sacroiliac joint using a new developed device.

4. Conduct a comparative assessment of the results of surgical treatment using a new developed device.

The dissertation of Kuanysh Kassymov can be recommended for defense.

Prof. Dr. Hüseyin DEMİRÖRS

Hüseyin Demirörs

23.04.2024

**Ғылыми кеңесші пікірі**  
**PhD студент Қуаныш Қасымов**  
**«Семей медицина университеті» КеАҚ**  
**Қазақстан Республикасы**

Диссертация жамбас сақинасының жарақаттарының емінің нәтижелерін жаңа құрылғыны қолдану арқылы жақсартуға арналған. Құрылғы сакральды дисморфизм жағдайында мықын – сегізкөз буынының бекітілуіне мүмкіндік береді, себебі ондай жағдайда мықын – сегізкөз буынына бұрандыларды дәстүрлі әдіспен орнату қиын. Нерв тамырларының қысылуымен және неврологиялық симптомдармен қатар келетін сакрумның бойлық трансфораминальды сынықтарына арналған бұл әдіс минималды инвазивті декомпрессияға мүмкіндік береді.

Диссертацияның әдебиеттік шолуы травматология бойынша негізгі әдебиеттерді және халықаралық мәліметтер қорынан алынған ғылыми мақалаларды пайдалана отырып жеткілікті түрде толық берілген. Автор жақсы сипатталған зерттеу хаттамасын ұсынды. Зерттеу әдістемесі халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес келеді.

Диссертация Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыру жобасы аясында орындалды: IRN AP05135531 «Қазақстан Республикасында жол-көлік оқиғалары кезінде жамбас сүйектерінің зақымдануын ортохирургиялық оңалту жүйесін әзірлеу». Зерттеу хаттамасы Семей мемлекеттік медицина университетінің Этика комитетінде қаралып, бекітілді.

Қуаныш Қасымов Қазақстан Республикасында өткен ғылыми конференцияларға және халықаралық конференцияларға қатысты. Жамбас сүйектерінің жарақаттары және оларды емдеудің жаңа әдістері тақырыбында мақалалар мен тезистер жариялаған.

Оның ішінде 2 – халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарында. Бір мақала – Scopus деректер базасында 26 пайыздық көрсеткіші бар «Georgian Medical News» журналында.

Автор емделуді сәтті жүзеге асырудағы кедергілерді анықтай отырып, ауыр жарақаттардан кейін науқастардың сауығуындағы әртүрлі мәселелерді қарастырды. Жұмыстың клиникалық бөлігі Қазақстан Республикасының әртүрлі қалаларындағы бірнеше емханаларда жүргізілді.



Зерттеу нәтижелерін енгізу:

-Өнертабысқа Еуразиялық патент № 037735. Мықын – сегізкөз буынының жарақаттарының аз инвазивті құлыптау остеосинтезіне арналған құрылғы / Appl. 2019.07.29. Publ. 2021.02.26. Bulletin No. 2.

-ҚР патенті № 34591. Мықын – сегізкөз буынының жарақаттарының аз инвазивті құлыптау остеосинтезіне арналған құрылғы / Published 13.11.2020. Bulletin No. 45.

- Әдістемелік нұсқау «Мықын – сегізкөз буынының жарақаттарының кіші инвазивті құлыптамалы остеосинтезі», Семей, 2020. ISBN 978-601-7990-23-7.

-Монография «Жамбас сүйек жарақаттарының диагностикасы және кешенді емі», Семей, 2020. ISBN 978-601-7278-06-9.

Қуаныш Қасымов проблемаларды тереңірек зерттеу үшін аналитикалық және статистикалық талдауды зерттеулерде қолданды.

Ұсынылған зерттеу жұмысы келесі маңызды мәселелерді шешті:

1. Мықын – сегізкөз буынының жарақаттарының аз инвазивті остеосинтезіне арналған жаңа құрылғы жасау.

2. Мықын – сегізкөз буынының остеосинтезіне арналған аппараттың биомеханикалық ерекшеліктерін зерттеу.

3. Жаңа ұсынылған құрылғыны пайдалана отырып, мықын – сегізкөз буынының жарақаттарын хирургиялық емдеу әдісін жасау.

4. Жаңа ұсынылған құрылғыны пайдалана отырып, хирургиялық емдеу нәтижелеріне салыстырмалы баға беру.

Қуаныш Қасымовтың диссертациясы қорғалуға ұсынуға лайықты.

Профессор . Dr. Hüseyin DEMİRÖRS

Hüseyin Demirörs

23.04.2024